

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 23 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Валюта Қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін өңірлік әлеуетті дамыту орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Валюта Қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін өңірлік әлеуетті дамыту орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Меморандумға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2024 жылғы 23 қазанда Вашингтон қаласында қол қойылды.

Региональный центр развития потенциала для Кавказа, Центральной Азии и Монголии создан для обслуживания 11 республик и других стран-бенефициаров, которые могут быть присоединены в будущем.

Целью создания является оказание помощи странам-бенефициарам в создании сильных институтов и повышении квалификации для разработки и реализации рациональной экономической политики.

Решение о размещении Регионального центра развития в городе Алматы было принято по итогам конкурсного отбора среди стран Центральной Азии.

Меморандум предусматривает предоставление Региональному центру развития и его сотрудникам иммунитетов и привилегий, предусмотренных статьей 9 соглашения МВФ.

Сокращение поступлений в местный бюджет, связанное с освобождением сотрудников Регионального центра развития от уплаты налогов и иных обязательных отчислений, согласовано акиматом города Алматы и поддержано Республиканской бюджетной комиссией.

Хотелось бы отдельно остановиться на том, что дает Региональный центр развития Международного Валютного Фонда Казахстану.

1. Способствует повышению компетенции профильных специалистов, что содействует обеспечению финансовой устойчивости и развитию новых отраслей и технологий.

2. Повышение профессионального потенциала государственных служащих, совершенствование бюджетного планирования, управления финансами, совершенствование денежно-кредитной политики, внедрение цифровых технологий. Это позволяет государству эффективнее выстраивать свою экономическую политику и реагировать на экономические шоки.

3. Тесная интеграция с экспертизой Штаб-квартиры МВФ, позволяющая обеспечивать высокое качество технической помощи и оперативное внедрение международных стандартов, тем самым укрепляя роль страны, как ключевого хаба финансовых знаний и компетенций в регионе.

4. Стимулирует развитие делового и образовательного туризма Алматы и сопутствующих услуг, поддерживая малый и средний бизнес.

В условиях глобальной неопределенности устойчивость национальной экономики обеспечивается эффективностью государственных институтов и качеством человеческого капитала. В этом контексте деятельность Регионального центра развития – это прямая инвестиция в институциональную зрелость финансовой системы нашей страны.

Ратификация меморандума формирует необходимую правовую основу для полноценного функционирования Регионального центра развития и закрепляет лидирующие позиции Казахстана в регионе в вопросах экономики и финансов.

При этом принятие закона не требует внесения изменений в законодательство. Ратификация меморандума не потребует выделения средств из республиканского бюджета.

Главным комитетом проведены соответствующие заседания. Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по закону не имеют.

Уважаемые коллеги! С учетом изложенного и в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан Комитет по финансам и бюджету предлагает одобрить данный закон.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкіліне.

Баяндамада атап өтілгендей, заң Алматы қаласындағы бірнеше елге қызмет көрсететін Халықаралық Валюта Қорының Өңірлік әлеуетті дамыту орталығын құруға және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте меморандумның 5-бабына сәйкес өңірлік орталықтың операциялық және құрылтай шығыстары, соның ішінде кеңсені жалдау, персоналды қаржыландыру және оқу іс-шараларын өткізу бенефициар елдердің, донор-серіктестердің және Халықаралық Валюта Қорының қаржылық жарналары есебінен өтеледі. Сондай-ақ меморандумның 5-бабының тармағында жарналардың нақты мөлшері, соның ішінде Қазақстаннан түсетін жарналар да тиісті уағдаластықтар туралы хаттармен айқындалатыны белгіленген. Осыған байланысты менде мынадай сұрақтар туындайды:

Қазақстан тарапынан өңірлік орталықтың қызметін қаржыландыруға бөлінетін жыл сайынғы төлемдердің көлемі қандай мөлшерді құрайды?

Қаралып отырған меморандум аясында өңірлік орталық техникалық көмек көрсететін немесе оқыту және ғылыми-зерттеу іс-шараларын өткізетін қаржы нарығының нақты секторларын айтып бере аласыз ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Молдабекова Әлия Мейірбекқызы, жауап беріңіз.

МОЛДАБЕКОВА Ә.М. Құрметті Жанна Бейсентайқызы, сұрағыңызға рақмет.

Орталықтың жұмыс жоспары мен бюджеті әр бес жыл сайын бекітіледі. Өткен бесжылдықтың ішінде, яғни 2021 – 2026 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бюджетінен қосылған үлес 20 миллион АҚШ долларын құрады. Бұл орташа есеппен алғанда жылына 4 миллион АҚШ долларын құрайды. Одан басқа осы орталықтың қатысушылары да қаражаттарын салды, сондықтан Халықаралық Валюта Қоры тағы да қосымша 4 миллион АҚШ долларындай қаражат салды. Келесі қаржы кезеңіне (2027 – 2031 жыл) біз осы шілде айынан бастап бюджетті анықтап, ақпарат береміз.

Рұқсат болса екінші сұраққа орыс тілінде жауап берейін.

В первоначальный пятилетний период, когда шло планирование, мы постарались заложить фундаментальные, наиболее интересные нашему рынку темы. Прежде всего это макроэкономическое прогнозирование, макроэкономическая статистика, государственные финансы, налоговая политика, денежно-кредитная политика.

Теперь, когда мы формируем планы Регионального центра развития на последующие пять лет, мы хотим направить фокус на наиболее актуальные темы, которые интересны Казахстану и нашему региону. Прежде всего это фискальная политика, денежно-кредитная политика и их координация, а также цифровые активы, их регулирование, надзор, цифровая инфраструктура. Актуальными темами являются темы экологии и зеленых финансов. Также мы хотим добавить банковский надзор, надзор за финансовым рынком.

Это основные темы, которые мы хотим заложить на ближайшую пятилетнюю перспективу.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибиғүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Шынымен бүгін біз маңызды құжатты ратификациялап отырмыз. Бұл құжат Қазақстанның экономикалық күн тәртібіне тікелей әсер ететін болады. Осы орайда менің сұрағым Ұлттық Банктің өкіліне.

Меморандумның 3-бабына сәйкес Үйлестіру комитеті жылдық жұмыс жоспарларын бекітеді. Осы комитеттегі Қазақстанның дауысының нақты салмағы қандай?

Техникалық көмек бағдарламалары, Халықаралық Валюта Қорының стандартты үлгілік ұсынымдарын іске асырумен шектеліп қана қоймай, дәл Қазақстан экономикасына бағытталған ерекше сын-қатерлерге, әртараптандыру, Ұлттық қорды басқару секілді терең бейімделетініне кепілдік беретініне нақты тетіктер қарастырылған ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлия Мейірбекқызы, жауап беріңіз.

МОЛДАБЕКОВА Ә.М. Құрметті Бибиғүл Нұрғалиқызы, сұрағыңызға рақмет.

Біз орталықты өз елімізде қабылдап, оны ірі қаржыландырушы ел болғандықтан оның жұмыс бағытын анықтауға толық құқығымыз бар. Бұл орталықтың жұмыс жоспарының біздің ұлттық мүдделерімізге сай құрылуына кепілдік береді. Сондықтан Үйлестіру комитетінде біздің дауысымыздың салмағы шешуші, анықтаушы болып танылады.

Үлестіру комитетінің ішіне Қазақстанның атынан екі адам кіреді: Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігінің Төрағасы және мен. Ең маңыздысы, орталықтың жылдық жұмыс жоспары да, бюджеті де Ұлттық Банктің келісімімен қабылданады.

Сіздің екінші сұрағыңызға жауап берер болсам, сіз атап өткендей шаблондық ұсыныстардан қорғау орталық қызметінің логикасында бекітілген. Халықаралық Валюта Қорының өңірлік орталықтары қатысушы елдердің экономикалық ерекшеліктерін ескеру үшін арнайы сол өңірлерде ашылады. Сондай шаблондық ұсыныстардан бас тарту үшін біріншіден, техникалық көмек бағыттары біздің нақты қажетімізге сай қалыптасады. Мысалы, егер біз экономиканы диверсификациялаумен, Ұлттық қорды басқарумен айналыссақ, сарапшылар дәл осы талаптар бойынша жұмыс жүргізеді.

Екіншіден, халықаралық мамандардың Алматыда тұрақты тұруы Қазақстан Республикасы экономикасының ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл теоретикалық моделдерді емес, бейімделген шешімдерді алудың басты кепілі.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован представителю Национального Банка Республики Казахстан.

В рамках Закона «О ратификации Меморандума о взаимопонимании между Республикой Казахстан и Международным Валютным Фондом касательно Регионального центра развития потенциала для Кавказа, Центральной Азии и Монголии», предусматривающего создание Регионального центра развития в городе Алматы и определяющего условия его деятельности, прошу Вас разъяснить следующее.

1. Каким образом будет обеспечен необходимый баланс между использованием экспертно-аналитических рекомендаций Регионального центра развития и сохранением самостоятельности Республики Казахстан при выработке и реализации макроэкономической, бюджетной и регуляторной политики?

2. Проводилась ли до внесения закона системная оценка эффективности деятельности аналогичных региональных центров МВФ в других странах, и какие практические выводы были учтены при принятии решения о размещении данного центра в Казахстане?

3. Предусмотрены ли в рамках меморандума механизмы пересмотра условий участия Республики Казахстан либо корректировки формата взаимодействия в случае недостаточной результативности деятельности Регионального центра развития? Спасибо.

ТӨРАҒА. Әлия Мейірбекқызы, жауап беріңіз.

МОЛДАБЕКОВА Ә.М. Спасибо за вопросы, Ольга Александровна.

Что касается первого вопроса. Региональный центр МВФ – это прежде всего площадка для развития кадрового потенциала, обмена опытом. То есть те специалисты, которые приезжают, оказывают техническую помощь, делятся лучшими мировыми практиками, это лишь для того, чтобы мы повышали свой кадровый и экспертный потенциал.

Какие из предложенных рекомендаций, методик нам использовать, какие применимы для экономики Казахстана в соответствии с текущими реалиями, решать нам.

Хочется отметить, что взаимодействие с МВФ построено на принципах партнерства. Очень многое зависит от нашей собственной инициативы и активности. Поэтому нам, как заинтересованным государственным органам, прежде всего нужно предлагать МВФ те темы, которые являются актуальными для нас, и практики, которые применимы для нас. Но что из них можно использовать в тот или иной момент времени, решать нам.

Что касается второго вопроса. Да, действительно, Национальным Банком и заинтересованными государственными органами проводился анализ аналогичных центров. В частности, мы внимательно изучили практику наших соседей. Аналогичный центр открыт в Китае в 2018 году. По заключениям экспертов, этот центр компетенций МВФ в Китае позволил сильно усилить кадровый потенциал, выстроил программы обучения таким образом, что на непрерывной основе государственные служащие Китайской Народной Республики обучаются, повышают свой уровень.

Второй центр, который мы внимательно посмотрели, был открыт в 2004 году на Ближнем Востоке. Из-за того, что к центру относятся страны с различным уровнем

экономического благосостояния, там большой прогресс был достигнут не только в формировании экономической политики, но и в повышении благосостояния населения, борьбе с бедностью.

Что касается третьего вопроса, как мы можем изменять формат взаимодействия. Прежде всего это заложено в меморандуме.

Первое. Основной инструмент нашего влияния – это наше участие в управляющем комитете.

Второе. Программы и взаимодействие с центром достаточно гибкие, мы можем выбирать либо формат обучения, либо техническую помощь, это наш выбор.

Третье. Что дает нам гибкость и изменение масштаба, формата нашего участия? Это то, что планы и бюджет формируются на каждый пятилетний период, то есть мы можем, в принципе, корректировать активность, интенсивность своего участия и формат взаимодействия с сотрудниками центра.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Нурия Исмагиловна. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Басты баяндаманы толықтыра отырып, аталған меморандумды ратификациялаудың маңыздылығына тоқталғым келеді. Бұл құжат Алматы қаласында Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) өңірлік орталығының толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті құқықтық негізді қалыптастырады. Орталықтың біздің елімізде орналасуы Қазақстанның аймақтағы қаржылық білім мен құзыреттердің негізгі хабы ретіндегі рөлін нығайтып, мемлекетіміздің халықаралық беделін арттырады.

Орталықтың қызметі тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін стратегиялық ресурс болып табылады. Бүгінгі таңда орталық тоғыз елді біріктіріп, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әлеуетін арттыруға, бюджеттік жоспарлауды, статистика мен болжамдауды жетілдіруге бағытталған. Бұл біздің мамандарға Вашингтон немесе Вена қалаларына бармай-ақ ең үздік халықаралық практикалық білімге тікелей қол жеткізуге мүмкіндік береді. Орталық жұмыс істеген уақыт ішінде 4 мыңнан астам маман оқудан өтті, оның ішінде Қазақстаннан 1 мың 370-тен астам қызметкер бар.

Сонымен қатар орталықтың Алматыда орналасуының экономикалық тиімділігі де жоғары. Бес жылдық кезеңде орталықты қаржыландыруға бағытталған 48 миллион АҚШ долларының басым бөлігі Алматы қаласының экономикасында қалады, бұл жергілікті бизнесті қолдауға және қызмет көрсету саласын дамытуға оң ықпал етеді. Меморандумда қарастырылған иммунитеттер мен артықшылықтар халықаралық ұйымдар үшін стандартты және олардың тәуелсіз қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты еліміздің стратегиялық мүдделеріне жауап беретін аталған заңды мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Валюта Қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін өңірлік әлеуетті дамыту орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған құжат Алматы қаласында Халықаралық Валюта Қорының өңірлік орталығын құруды көздейді. Сондай-ақ беделді халықаралық ұйым бөлімшесінің қызметін де жан-жақты реттейді. Аталған құрылым өңірде экономиканы және мемлекеттік басқару саласын нығайтуға арналған жобаларды іске асыруға қолдау көрсететін болады. Жалпы, бұл заң еліміздің өңірдегі жетекші қаржы және іскерлік орталық ретінде қалыптасуына өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Құрметті Төраға, қадірлі әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң ұсынылып отыр.

Келісімге екі мемлекет аумағының үстінен әскери мүлік пен персоналды транзиттеу үшін тараптар елдердің әуе кеңістігін өзара пайдалану, әскери ынтымақтастыққа қолайлы жағдай жасау және шарттарды реттеу мақсатында 2024 жылғы 11 қыркүйекте қол қойылған.

Өздеріңізге мәлім, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайдан басқа Қазақстан аумағы арқылы шет мемлекеттің әскери құрылымдарын, қару-жарағы мен әскери техникасын транзиттеуге жол берілмейді. Осыған байланысты келісім тараптарға қауіпсіздік пен бақылау тетіктерін қамтамасыз етеді. Әскери мүлік пен персонал транзиті тек екі мемлекеттің уәкілетті органдары беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Рұқсаттарға сұрау салулар белгіленген мерзімдерде дипломатиялық арналар арқылы беріледі. Жылдық рұқсат тек әскери-транспорттық авиацияға берілетінін атап өтеміз.

Келісім Қазақстан Республикасына Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік миссиялары шеңберінде белгіленген жерлерге жету үшін Түркия әуе кеңістігін жүйелі

түрде пайдалануға мүмкіндік береді. Келісімнің 4-бабының б) тармақшасына сәйкес дипломатиялық рұқсаттың біржылдық нөмірі әскери мүлік пен персонал, сонымен қатар ресми делегациялар, гуманитарлық көмек, оқу-жаттығуларды қамтамасыз ету, дипломатиялық жүк транзиті үшін де қолданылады. Бұл ретте әрбір мемлекет транзитке кез келген рұқсат беру туралы сұрау салудан бас тарту, сондай-ақ әскери мүлік пен персоналдың транзиті осы келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін жағдайда берілген рұқсаттың қолданылуын тоқтату немесе қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады.

Қымбатты әріптестер, келісімді ратификациялау әуе кемелеріне екі мемлекеттің әуе кеңістігін пайдалануға мүмкіндік береді.

Заң жұмыс тобында, комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен оң қорытынды алынды. Құжатты қабылдау мемлекеттік бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді.

Баяндалғанды ескере келе Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңды Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды сұрайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған келісім Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтып отырғандықтан ұлттық қауіпсіздік, сыртқы саяси теңгерім және еліміздің халықаралық міндеттемелерімен тікелей байланысты. Сол себепті маңызды салаға жатады. Осыған орай келесі сұрақтар туындап отыр.

Келісімді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының транзиттік операцияларға нақты бақылауы қалай қамтамасыз етілмек? Дәлірек айтқанда, тасымалданатын әскери жүктердің сипатын айқындау, транзиттік мақсаттарының ашықтығын және біздің халықаралық міндеттемелерімізге немесе сыртқы саяси басымдықтарымызға қайшы келуі мүмкін операцияларда Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалануды болдырмау тетіктері көзделген бе?

ТӨРАҒА. Қорғаныс министрінің орынбасары Мұстабеков Асқар Досбосынұлы, жауап беріңіз.

МҰСТАБЕКОВ А.Д. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар, қайырлы күн!

Ернұр Нұрмұханұлы, сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, бұл қабылданып отырған келісімшарт біздің өзіміздің тәуелсіздігімізге және де басқа мәселелерге нұқсан келтірмейді.

Екіншіден, әуе кеңістігін қолданар алдында бізге сұраныс түседі. Бұл сұраныста қандай әскери жүктер тасымалданады және қандай персонал өткізіледі, сондай-ақ ұшақтың түрі, оның ұшып өтетін уақыты, біздің әуе кеңістігіне кіретін уақыты және шығатын уақыты белгіленіп көрсетіледі. Алдын ала берген сұраныс бойынша біздің құзырлы органдар бұны зерттеп зерделейді, содан кейін Сыртқы істер министрлігі арқылы рұқсатын береді. Егер біздің ұлттық қауіпсіздігімізге және халықаралық келісімшарттарға қайшылық болмаса рұқсат береді.

Бұны қалай зерттеп тексеруге болады дегенге келсек, біздің әуе кеңістігінде ұшып келе жатқан ұшақты, егер бізде нақты себептер болатын болса, онда оны қондырып, шекаралық және кедендік тексеруден өткізуге құқығымыз бар және ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіретін басқа да жағдайларда әрқашан біз берген рұқсатымызды тоқтатуға немесе жоюға құқығымыз бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің орынбасарына.

Әрине, біз бұл заңды қолдаймыз. Әлемде орын алған геосаяси шиеленістер кезінде кеңістіктегі әрбір іс-қимыл бақыланып, әсіресе әскери қимылдарға құқықтық негіз болуы тиіс. Онымен қоса келісім екі ел арасындағы әскери және авиациялық ынтымақтастықты одан әрі нығайта түседі деп сенеміз. Сонымен бірге келісімнің 9-бабында «Ұшу уақытында транзитке кедергі келтіретін қауырт жағдай және кез келген форс-мажорлық мән-жайлар туындағанда тараптар тиісті әуе кемесін сәйкестендіру және жақын маңдағы қолайлы әуеайлаққа қайта бағыттау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды деп көрсетілген. Бұл ретте «барлық күш жігерін жұмсайды» дегенге тоқталып, оның ішіне қандай іс-шаралар, жұмыстар кіретініне түсініктеме беріп өтсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Асқар Досбосынұлы, жауап беріңіз.

МҰСТАБЕКОВ А.Д. Бекболат Серікбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Келісімшарттың 9-бабында көрсетілген «барлық күш-жігерін салады» деген түсінік абсолюттік кепілдік беру болып саналмайды. Өйткені бұл жерде әуе кеңістігінде ұшып келе жатқан ұшақтың экипажы төтенше жағдайлар немесе форс-мажор оқиғалар болған кезде халықаралық шарт бойынша, яғни ИКАО қабылдаған тұжырымдар бойынша іс-қимыл жасайды және де біздің мемлекеттің тарапынан әуе кемесін жақын арадағы әуеайлаққа қондыру іс-шарасын жасау үшін келісім жасалады. Бұл келісімнің ішінде қай аймақ, қай мемлекет қандай іс-шара қолдану керек екені түгелдей көрсетілген: ол қондырылғаннан кейін қауіпсіз аймаққа жеткізу және қауіпсіз аймақта күзет ұйымдастыру және де қауіпсіз аймақта мемлекеттің өзінің авариялық жағдайды жоятын мамандарын жеткізу. Бұл бізге кепілдік бермейді, бұл – транзиттік заттардың нүктесіне жеткізілуі. Егер біздің мемлекет

солай деп шешіп жататын болса, онда ол ертеңгі күні қайтадан қайтарылуы да мүмкін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери мүлік пен персоналды екі елдің әуе кеңістігі арқылы транзитпен өткізу туралы келісім шеңберінде жылдық дипломатиялық рұқсат нөмірін және біржолғы рұқсат беру тетіктерін енгізу көзделген. Аталған шаралар әуе тасымалдары рәсімдерін оңтайландыруға және тараптар арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдетуге бағытталған. Бұл ретте келісімде әуе кеңістігін пайдалану, қауіпті жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын тәжірибесін сақтай отырып, сондай-ақ ұлттық заңнама талаптары мен қолданыстағы аэронавигациялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылатыны бекітілген. Осыған байланысты сұрағым бар.

Келісім ережелері мемлекеттік егемендік қағидаларымен және әуе кеңістігін пайдалану саласындағы халықаралық құқық нормаларымен қалай үйлеседі және оны іске асыру барысында қандай ықтимал құқықтық қайшылықтар туындауы мүмкін? Сонымен қатар қатысушы мемлекеттер қандай жағдайларда өз әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзитпен өткізуге рұқсат беруден бас тарта алады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Асқар Досбосынұлы, жауап беріңіз.

МҰСТАБЕКОВ А.Д. Руслан Рүстемұлы, сұрағыңызға рақмет.

Келісім ережелері мемлекеттің егемендік қағидаларына қайшы келмейді және де бұл келісім біздің екі мемлекеттің ортасындағы әуе кеңістігінің қолданылуын реттейді.

Біріншіден, Чикаго конференциясында бекітілген халықаралық шарт әр мемлекеттің өз аумағы үстіндегі әуе кеңістігі өзінің аумағы болып саналады дейді және де бұл аймақтың қолданылуы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін қолдану заңдарымен реттеледі.

Екіншіден, егер берілген сұраныста көрсетілген әскери құжаттар немесе персонал біздің ұлттық қауіпсіздігімізге, я болмаса халықаралық келісімдерге қайшы келетін болса және де алдында сұраныста көрсетілген әскери заттар немесе персонал сәйкес келмейтін жағдайда өзінің берген рұқсатын тоқтатуға, болмаса толық жоюға мемлекеттің мүмкіндігі бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Дархан Қуандықұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Қарауымызға шын мәнінде мазмұны жағынан да, саяси маңызы тұрғысынан да өте өзекті келісім ұсынылды. Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесі күрделі өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отыр. Геосаяси тұрақсыздықтың күшеюі, жаңа қауіп-қатерлердің пайда болуы, сондай-ақ көлік-логистикалық бағыттардың қайта қалыптасуы мемлекеттер арасындағы сенімді әрі прагматикалық серіктестіктің маңызын бұрынғыдан да арттыра түсті. Осындай жағдайда Қазақстан үшін бауырлас Түркия Республикасымен стратегиялық ықпалдастықты одан әрі нығайту сыртқы саясатымыздың маңызды басымдықтарының бірі.

Түркия түркі дүниесіндегі жетекші мемлекеттердің бірі, экономикасы қуатты, қорғаныс өнеркәсібі дамыған, халықаралық аренадағы беделі жоғары ел. Елдерімізді ортақ тарихи тамыр, мәдени жақындық және өзара сенімге негізделген берік байланыстар біріктіреді. Сондықтан бұл келісімді жай ғана техникалық, не рәсімдік құжат ретінде қарастыруға болмайды, бұл екі мемлекет арасындағы саяси сенім мен стратегиялық әріптестіктің нақты көрінісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жүргізіп отырған көпвекторлы және теңгерімді сыртқы саясат аясында Қазақстан стратегиялық серіктестерімен өзара тиімді және прагматикалық қатынастарды жүйелі түрде дамытып келеді. Осы тұрғыдан алғанда аталған келісім халықаралық ынтымақтастығымыздың көкжиегін кеңейтіп, еліміздің транзиттік және геосаяси әлеуетін одан әрі күшейтуге ықпал етеді.

Құжатта әскери мүлік пен персоналдың транзитін реттеудің нақты тетіктері айқындалған, уәкілетті органдар арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі жүйеленіп, рәсімдер оңтайландырылатын болады. Ең бастысы Қазақстан Республикасының егемендігі, ұлттық мүддесі мен қауіпсіздік басымдықтары толық сақталады.

Негізгі баяндамада және Асқар Досбосынұлы атап өткендей, еліміз кез келген жағдайда транзитке рұқсат бермеуге немесе оны тоқтатуға толық құқылы. Бұл аса маңызды саяси әрі құқықтық кепілдік деп білеміз.

Жалпы осы заң Қазақстан мен Түркия арасындағы бауырластық байланыстарды жаңа деңгейге көтеруге, өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға, өзара сенім мен халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуге қызмет етеді деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, сондықтан аталған заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қаралған келісім тараптардың әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персонал тасымалдауға қажетті құқықтық негіз қалыптастырады. Осы мақсатпен

құжатта тасымалдау шарттары мен ережелері айқындалып отыр. Жалпы, заң бауырлас елдердің сенім мен достыққа негізделген ынтымақтастығын одан әрі тереңдетуге оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! В Послании народу Казахстана Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев неоднократно акцентировал внимание на необходимости усиления социальной политики государства.

Анализ текущей ситуации показывает, что при реализации жилищных прав граждан допускаются системные нарушения, особенно на стадии распределения жилья среди очередников. Несмотря на принимаемые государством меры, сохраняются существенные препятствия при обеспечении жильем выпускников организаций для детей-сирот после достижения ими совершеннолетия.

На сегодня в очереди на получение жилья состоят порядка 61 000 детей-сирот, из которых более 43 000 уже достигли совершеннолетия. При этом в ближайшей перспективе сокращение данной очереди не прогнозируется. Наибольшее количество нуждающихся зафиксировано в Алматинской области – 7 200 человек, в Восточно-Казахстанской области – 6 400 человек, в Карагандинской области – 5 900 человек, в Костанайской области – 5 700 человек, в Актюбинской области – 3 000 человек. Такая же ситуация в других областях.

Анализ распределения жилья за последние годы показывает значительное отклонение от установленных норм. Из 60 тысяч единиц жилья, предоставленных в Казахстане, детям-сиротам было выделено лишь около 7 тысяч, что составляет 11,8 процента от предусмотренного объема.

Дополнительно осложняет ситуацию тот факт, что совершеннолетние выпускники детских домов зачастую не получают жилья из-за наличия в очереди ранее поставленных несовершеннолетних сирот (около 17 300 человек). В свою очередь, несовершеннолетние также не могут воспользоваться правом на жилье до достижения совершеннолетия, продолжая проживать в учреждениях. В результате жилые помещения перераспределяются в пользу иных категорий граждан без учета приоритета детей-сирот.

Положительные сдвиги фиксируются лишь после вмешательства надзорных органов. В ряде регионов выявлены случаи незаконного проживания посторонних лиц в квартирах, предназначенных для сирот, а также факты утраты данных при переносе информационных систем.

Выявленные проблемы свидетельствуют о недостаточной эффективности правоприменительной практики, формальном подходе со стороны ответственных должностных лиц, а также отсутствии должного контроля со стороны региональных

органов власти, что в совокупности приводит к утрате социальной направленности жилищной политики и нарушению прав детей-сирот.

В целях исправления сложившейся ситуации и повышения эффективности государственного управления в отрасли предлагается:

разработать и утвердить министерствам просвещения, труда и социальной защиты населения, а также местными исполнительными органами комплексную Дорожную карту по обеспечению жильем детей-сирот с установлением конкретных ежегодных показателей и ответственных исполнителей;

инициировать уполномоченными государственными органами (Министерство труда и социальной защиты населения, Министерство просвещения, Министерство юстиции) внесение изменений в законодательство в части закрепления приоритетного права получения жилья совершеннолетними выпускниками организаций для детей-сирот;

обеспечить интеграцию действующих информационных систем и баз данных, включая Smart Data Ukimet, Национальную образовательную базу данных, Orken.otbasybank.kz, Kezekte.kz и иные платформы, с участием Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан и других заинтересованных органов;

принять меры по установлению централизованного контроля за распределением жилья в регионах с обеспечением строгого соблюдения установленных квот и долей, а также надлежащего использования предоставленного жилья;

предусмотреть введение персональной ответственности должностных лиц местных исполнительных органов за несоблюдение установленных квот и нарушение порядка распределения жилья, вплоть до дисциплинарных и административных мер;

обеспечить публичную прозрачность распределения жилья путем размещения актуальных данных по очередности, выделению и фактическому предоставлению жилья на открытых цифровых платформах.

Полный текст депутатского запроса прилагается».

Благодарю за внимание.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Ольга Валентиновна.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысының орынбасары Жұманғарин Серік Мақашұлына жолданады.

«Құрметті Серік Мақашұлы! Елімізде ауыл шаруашылығын дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады. Осыған орай өңірлердегі, әсіресе ірі қалалардағы агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесі айрықша назар аударуды қажет етеді. Алайда бүгінде республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие Шымкент қаласында ауыл шаруашылығы субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуіне жүйелі кедергілер қалыптасып отыр. Мәселе «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы іске асырылатын «Береке» және «Игілік» бағдарламаларына қатысты.

Аталған бағдарламалар ауыл шаруашылығы жобаларын жеңілдетілген несиелеудің маңызды құралдарының бірі саналады. Бірақ олардың қолданыстағы талаптары қалалық форматтағы шаруашылықтардың ерекшеліктеріне толық сәйкес келмейді. Бағдарлама шарттарына сәйкес асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу үшін несиелеушінің иелігінде белгілі бір көлемде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімі болуы қажет, яғни бір бас малға кемінде 1 гектар егістік немесе 3 гектар жайылым жер көзделген. Бұл талап ауылдық елді мекендер үшін мүмкін болғанымен Шымкент қаласының ерекшеліктерін ескергенде көптеген кәсіпкерлер үшін орындалмайтын шартқа айналып отыр. Себебі қолданыстағы Жер кодексіне сәйкес қала аумағында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер жеке санат ретінде қарастырылмаған. Соған қарамастан статистикалық деректер Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Қаланың жалпы аумағы шамамен 116 мың гектарды құраса, соның тең жартысына жуығы ауыл шаруашылығының пайдалануындағы жерлер.

Бүгінде қалада жалпы қуаттылығы 16,5 мың басқа жететін 1 мың бастан жоғары сегіз бордақылау алаңы жұмыс істеп тұр. Жыл сайын қалада шамамен 70 мың тонна сүт және 8 мың тонна ет өндіріледі. Алайда бұл көлем миллионнан асатын қала халқының сұранысын толық өтеуге жеткіліксіз. Мысалы, сүт өнімдерімен қамту деңгейі шамамен 35 пайызды, ал ет өнімдері бойынша небәрі 12 пайызды ғана құрайды. Сонымен қатар мегаполистің азық-түлік белдеуін қалыптастыруға тиіс сүт фермалары мен бордақылау алаңдарының үштен екісі бүгінде қаңырап бос тұр. Десе де қазіргі таңда қалада мал шаруашылығын дамытуға ниетті нақты инвесторлар да баршылық. Мәселен, жеке кәсіпкер Егемназаров Еуропа елдерінен 2,5 мың бас «Голштейн» тұқымды асыл тұқымды ірі қара мал сатып алуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ «Қасқасу С» шаруа қожалығы 1 мың 200 басқа арналған, ал «Туран Agroprodukt» өндірістік кооперативі 1 мың 500 басқа арналған тауарлы сүт фермасын құру жөнінде инвестициялық жобалар ұсынған. Алайда аталған шаруашылықтар мен инвесторлар несиелік бағдарламалардың қолданыстағы талаптарына байланысты қажетті қаржыға қол жеткізе алмай отыр. Осыған байланысты төмендегі мәселелерді шешу орынды деп санаймыз:

1) «Береке» және «Игілік» бағдарламаларының талаптарын қайта қарап, республикалық маңызы бар қалалар үшін жер көлеміне қойылатын талаптарды жеңілдету немесе баламалы тетіктер енгізу;

2) жемшөппен қамтамасыз ету жөніндегі келісімшарттарды және жалға алынған жерлерді бағдарлама талаптарына сәйкестіктің баламалы негізі ретінде тану мүмкіндігін қарастыру;

3) қалалық агроөнеркәсіп кешенінің ерекшеліктерін ескеретін арнайы бейімделген қаржыландыру бағдарламаларын әзірлеу;

4) Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы әлеуетін дамытуға бағытталған қосымша мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау.

Аталған мәселелерді шешу ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуына, инвестициялық жобалардың іске асуына және халықты сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етуге оң ықпал етеді деп санаймыз.

Депутаттық сауалға заңмен белгіленген тәртіпте жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар А. Сатвалдиев, Н. Бекназаров, З. Кузиев, Н. Ниязова, Ғ. Сарыбаев, Г. Шиповских». Рақмет.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 23 сәуір

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Валюта Қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін өңірлік әлеуетті дамыту орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Меморандума о взаимопонимании между Республикой Казахстан и Международным Валютным Фондом касательно Регионального центра развития потенциала для Кавказа, Центральной Азии и Монголии», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Н.И. НИЯЗОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету НИЯЗОВОЙ Н.И. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АСАНОВА Ж.Б. 3

МОЛДАБЕКОВА Ә.М. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, заместитель Председателя Национального Банка Республики Казахстан 3

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. 4

МОЛДАБЕКОВА Ә.М. 4

БУЛАВКИНА О.А. 5

МОЛДАБЕКОВА Ә.М. 5

ӨТЕШОВ С.Б. 6

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики о транзите

военного имущества и персонала через воздушное пространство Республики Казахстан и Турецкой Республики», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ҚЫДЫРАЛИ Д.Қ. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. 8

МҰСТАБЕКОВ А.Д. – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, заместитель Министра обороны Республики Казахстан 8

ОРЫНБЕКОВ Б.С. 9

МҰСТАБЕКОВ А.Д. 9

РҮСТЕМОВ Р.Р. 10

МҰСТАБЕКОВ А.Д. 10

САТВАЛДИЕВ А.Г. 11

Депутат А.И. ЛУКИННІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. 12

Депутат А.Г. САТВАЛДИЕВТІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.М. Жұманғаринге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САТВАЛДИЕВА А.Г. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру национальной экономики Республики Казахстан Жумангарину С.М. 13

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Исаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева